

<b>ОНГУСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ» АҚ</b>  «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ «ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік-зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	<b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> AO «Южно-Казахстанская медицинская академия»  77/ 11- 32 беттін 1 беті
---	--

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  
жаңындағы медицина колледжі**

Тәжірибелік- зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау

Пән/модульдің атауы: «Бейорганикалық химия»  
 Мамандық: 09160100 - «Фармация»  
 Біліктілігі: 4S09160100 - «Фармацевт»

Курс: 1  
 Семестр: 1  
 Қорытынды бағылау: емтихан  
 Оку сагаттарының/кредиттің колемі: 120/5

Шымкент, 2024

OÝTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY  «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY AO «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жаһындағы медицина колледжи «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы Тәжірибелік-зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/ 11- 32 беттін 2 беті

«Бейорганикалық химия» пәні бойынша тәжірибелік сабактарға арналған әдістемелік нұсқауды құрастырган оқытушы: Раматулла Эсель Мұратқызы

09160100 - «Фармация» мамандығы бойынша оку жоспарының негізі мен ұсыныстары:

Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы отырысында каралды және ұсынылды.

Хаттама № 1 «27 » 08 2024 ж.

«Фармацевтикалық пәндер» кафедрасының менгерушісі Ботабаев Р.Е. Р.Е. Ботабаева

ПЦК отырысында каралды.

Хаттама № 1 «28 » 08 2024 ж.

ПЦК төрайымы Ботабаев Р.Е. Ботабаева

Әдістемелік кеңестің отырысында каралды.

Хаттама № 8 «29 » 08 2024 ж.

Әдістемелік кеңестің төрайымы Рахманова Г.С. Г.С. Рахманова

ONTUSTIK QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SKMA</b> <small>-1979-</small>	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	Тәжірибелік-зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	77/ 11- 32 беттің 3 беті

**5.1. Тақырыбы №1. Лабораторияда жұмыс істеу ережелері және жұмыс орнын ұйымдастыруы.**  
**Химиялық ыдыстардың және реактивтердің түрлері. Бастапқы білім деңгейі**

**5.2. Мақсаты:** Бейорганикалық химия практикумының негізгі талаптары мен мазмұнын және химиялық зертханада жұмыс істеу ережелерін білуі тиіс.

**5.3. Оқыту міндеттері:** Бейорганикалық химия практикумының негізгі талаптары мен мазмұнын және химиялық зертханада жұмыс істеу ережелерін оқып уйрену.

**5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Химиялық зертханада жұмыс істеу ережесі.
2. Зертханалық журналды жүргізу.
3. Химиялық ыдыстар, олардың түрлері және қолданылуы.

**5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** техника қауіпсіздік ережесімен танысу, кіші топтармен жұмыс, есептер шешу, тест-бақылау.

**5.6. Әдебиет:**

**Приложения 1.**

**5.7. Бақылау:** Бастапқы білім деңгейіндегі тексеру.

1. Химиялық зертханадағы жұмыс жасау жалпы ережелері.
2. Зертханада өрт жанғанда не істеу қажет?
3. Спирт шамымен жұмыс ережелері.
4. Сілтілі металдармен жұмыс жасағанда қандай ережелер сақтау қажет?
5. Улы заттармен негізгі жұмыс жасау ережелері.
6. Уланған жағдайдағы қауіпсіздік сақтау ережелері мен жедел жәрдемі.
7. Көзге қышқыл немесе сілті шашырағанда қандай іс әрекеттер жасау керек?
8. Қышқыл күйіктөріне шұғыл көмек.
9. Кесу, көгеру және басқа жарақаттарға арналған алғашқы көмек.

<p>ONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p> <p>«ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы</p> <p>Тәжірибелік-зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	<p>77/ 11-</p> <p>32 беттің 4 беті</p>
--	--	--


## 5.1. Тақырыбы №2. Химияның негізгі стехиометриялық заңдары. Эквивалент, эквиваленттер заны.

**5.2. Мақсаты:** Практикалық есептер шығарғанда химияның негізгі заңдарын пайдалана білуі тиіс.

**5.3. Оқыту міндеттері:** Химияның негізгі заңдары мен түсініктерін қолданып әртүрлі қосылыстардың эквивалентін анықтауды үйренуі керек.

### 5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Эквивалент, элемент, оксид, қышқыл, негіз және тұз эквиваленттерінің анықтамасы.
2. Реакциядағы қосылыстардың эквиваленті. Эквивалент факторы. Эквиваленттік көлем.
3. Эквивалент заңы.
4. Клайперон – Менделеев және Бойль – Мариот, Гей-Люссак теңдеулері.
5. 2,45 г. қышқылды бейтараптауға 2,00 г натрия гидроксиді жұмсалды. Қышқылдың эквиваленттік массасын анықтаңыз.
6. Келесі реакциядағы  $H_3PO_4$  және  $Al(OH)_3$  эквиваленттік массасын анықтаңыз.



**5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** техника қауіпсіздік ережесімен танысу, кіші топтармен жұмыс, есептер шешу, тест-бақылау.

### 5.6. Әдебиет:

#### Негізгі:

1. Патсаев Ә.К. Аналитикалық химия пәнінің лабораториялық сабактарына арналған оқу - әдістемелік құралы: оқу-әдістемелік құрал / . - Алматы : Эверо, 2015.
2. Чекотаева К.А. Аналитикалық химия: оқу құралы.- Қарағанды: Ақнұр,2014.
3. Дәуренбеков, Қ. Н. Аналитикалық химия [Мәтін] :оқуқұралы / Қ. Н. Дәуренбеков, Л. А. Дильдабекова, Ж. Қ. Рысымбетова. - Алматы :Newbook, 2023. - 268 бет..

#### Қосымша:

1. Шекеева К.Қ. Аналитикалық химия –оқу құралы. –Алматы: Эверо, 2014.
2. Патсаев, Ә. К. Аналитикалық химия пәнінің лабораториялық сабактарына арналған оқу – әдістемелік құралы: оқу-әдістемелік құрал / . - Алматы :Эверо, 2015. - 212 бет.
3. Дәуренбеков Қ. Н. Аналитикалық химия : оқу құралы / Қ. Н. Дәуренбеков, Л. А. Дильдабекова, Ж. Қ. Рысымбетова. - Алматы : ЭСПИ, 2022. - 268 бет

### 5.7. Бақылау:

1. Фосфордың  $PCl_3$  және  $PCl_5$  қосылыстарындағы эквиваленті.

A) бірдей. B) әртүрлі.

2. Екінегізді қышқылдың эквиваленттінің молярлық массасы 31 г/моль тен. Бұл ... қышқылы.

A)  $H_2SO_4$       B)  $H_2SO_3$       C)  $H_2S$       D)  $H_2CO_3$

3. Сутектің қ.ж. эквиваленттік көлемі ... тен.

A) 5,6 л      B) 11,2 л      C) 22,4 л      D) 2,8 л      E) 10 л

4.  $H_3PO_4$  эквиваленттік массасы  $2H_3PO_4 + Ca(OH)_2 = Ca(H_2PO_4)_2 + 2H_2O$  тендеуден ... тен.

A) 98      B) 49      C) 32,7      D) 9,8      E) 4,9

5. Сәйкестілікті орнатыңыз:

$$\frac{P_0V_0}{T_0} = \frac{PV}{T}$$

A) Эквивалент заңы.

B) Авогадро заңы

C) Заттың массасының сақталу заңы

<b>ONÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы</b>	<b>77/ 11-</b>
<b>Тәжірибелік-зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау</b>	<b>32 беттің 5 беті</b>

2.  $\varDelta = \frac{M_1}{M_2}$       Д) Кұрам тұрақтылық заңы.

Е) Бойль-Мариот пен Гей-Люссак заңы

6. Хромның оттектік қосылышында 48% оттегі бар. Осы қосылышта хромның эквивалент массасы нешеге тең?

Жауабы: 8,7 г/моль.

<b>ONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>«ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы</b> <b>Тәжірибелік-зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау</b>	<b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b> <b>77/ 11-</b> <b>32 беттің 6 беті</b>
---	---

### **5.1. Тақырыбы №3. Атом құрылышы және химиялық байланыс.**

**5.2. Мақсаты:** Студент атомдардың электрондық қауыз құрылышының негізгі қағидаларын және валенттік байланыс (ВБ) теориясын білуі тиіс.

**5.3. Оқыту міндеттері:** Студент кванттық сандар жүйесі бойынша атомдардағы электрондардың энергетикалық құйін сипаттап, молекуладағы байланыс табиғатын түсіндіре білу керек.

### **5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Атом құрылышы туралы теорияның дамуындағы негізгі кезеңдері(Томсон, Резерфорд, Бор).
2. Атомдағы электронның құйін сипаттайтын квант сандары. Олардың әрқайсысын жеке сипаттаңыз.
3. Атомдардың электрон қауыздарының құрылышы (денгейлер, денгейшелер, орбитальдар) .
4. Атомдардың электрондық құрылышын құрастырганда қолданылатын зандар (ең кіші энергия принципі, Паули принципі, Хунд ережесі).
5. О және S – атомдарының электрондық құрылышын құрастырыңыз. Сыртқы деңгей құрылышына негізделе отырып, сыртқы деңгейді сипаттаңыз.
6. Ковалентті байланыс және донорлы-акцепторлы байланыс. Мысал келтіріңіз.

**5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** Жұппен жұмыс, есептер шығару, тест-бакылау

### **5.6. Әдебиет:**

**Негізгі:**

### **Приложения 1.**

#### **5.7. Бакылау:**

1. Бас квант саны 3-ке болғандағы энергетикалық деңгейдегі электрондардың максималды саны:  
A) 8      B) 32      C) 16      D) 18      E) 50
2. N<sup>-3</sup> ионының сыртқы деңгейіндегі электрондар саны:  
A) 7      B) 10      C) 5      D) 8      E) 12
3. Магнит квант саны ... анықтайды.  
A) электрон орбиталінің пішінін  
B) жазықтықтағы электрон бұлтының арақашықтығын  
C) энергетикалық деңгей санын  
D) электрон энергиясын
4. Егерде l=3 болса, онда электрон бұлтының пішіні ... болады.  
A) s      B) p      C) d      D) f
5. Қозбаған атомдарда B, C, Al, Cr, Hg қанша жұптаспаған электрон бар.
6. Элемент атомының валентті электронды қабат құрылымы берілген.  
a) 5s<sup>2</sup>5p<sup>4</sup>      b) 3d<sup>5</sup>4s<sup>1</sup>.

Элементтің реттік нөмірін және аталуын аныктаныңыз.

7. Су молекуласындағы байланыс:

- |             |                       |                        |
|-------------|-----------------------|------------------------|
| а) иондық   | б) ковалентті полярлы | в) ковалентті полярсыз |
| г) сутектік | д) металдық.          |                        |

8. Азот қышқылышындағы азоттың коваленттігі ... тең.

- |      |      |      |      |
|------|------|------|------|
| а) 2 | б) 1 | в) 4 | г) 3 |
|      |      |      | д) 5 |

9. Молекуласында тотығу дәрежесі нольге тең, ал валенттілігі бірге тең элемент:

- |        |                   |                    |                    |
|--------|-------------------|--------------------|--------------------|
| а) HCl | б) N <sub>2</sub> | в) NH <sub>3</sub> | г) Cl <sub>2</sub> |
|        |                   |                    | д) O <sub>2</sub>  |

10. π-байланыс орбитальдардың қаптасуы кезінде түзіледі:

- |        |                      |                                   |                                   |
|--------|----------------------|-----------------------------------|-----------------------------------|
| а) s-s | б) p <sub>x</sub> -s | в) p <sub>x</sub> -p <sub>x</sub> | г) p <sub>y</sub> -p <sub>y</sub> |
|        |                      |                                   | д) p <sub>z</sub> -p <sub>z</sub> |

11. Хлор атомының максималды коваленттігі ... тең.

- |      |      |      |      |
|------|------|------|------|
| а) 1 | б) 3 | в) 4 | г) 5 |
|      |      |      | д) 7 |

12. ... байланыс молекулааралық байланысқа жатады.

- |                       |                        |
|-----------------------|------------------------|
| а) Ковалентті полярлы | б) Ковалентті полярсыз |
| в) Донорлы-акцепторлы | г) Сутектік            |

<b>ONÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/ 11-
Тәжірибелік-зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	32 беттің 7 беті

## 5.1. Тақырыбы №4. Химиялық үдерістердің энергетикасы.

**5.2. Мақсаты:**Химиялық реакциялар термодинамиканың теориялық негізін студент білуі қажет.

**5.3. Оқыту міндеттері:** Химиялық реакциялардың жылу эфекттер, бағытын анықтауды және тәжірибелі есептерді шығаруды үйренуі керек.

### 5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. «Жүйе» (ашық, жабық, оқшауланған), «реакцияның жылу эфектісін», «түзілу жылуы», «жану жылуы», «еру жылуы», «бейтараптану жылуы» - деген ұғымдарға түсініктер беріңіз.
2. Термодинамиканың бірінші бастамасына және оның математикалық өрнегіне түсінік беріңіз.
3. Термодинамиканың қандай түсініктері мен шамаларын білесіздер?  $\Delta U$ ,  $\Delta H$ ,  $\Delta G$  шамаларға түсінік беріңіз.
4. Гесс заңы және оның салдарын түжірымдаңыз.
5. Энтропия және Гиббс энергиясы. Осы шамаларға түсінік беріңіз. Өздігінен жүретін процесстерді қандай мәндермен белгілейді.

**5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:**тәжірибелік жұмыс

**5.6. Әдебиет:**

### Приложения 1.

#### 5.7. Бақылау:

1.  $SO_2(g) + 0,5O_2(g) = SO_3(g)$  реакциясының  $\Delta H^0$  (кДж) есептеңіз.

А. -691      Б. 99      С. 691      Д. -99

2. Мына реакцияда  $C_2H_{2(r)} + H_{2(r)} = C_2H_{4(r)}$  энтропия...

а) өседі.      б) өзгермейді.      в) азаяды.

3.  $C_3H_8 + 5O_2 = 3CO_2 + 4H_2O$  реакциясы үшін  $\Delta H^0 = -2070$  кДж.

$\Delta G^0 = 2120$  кДж бағытталуын анықтайтын фактор ... болып табылады.

А) энталпияның өзгеруі

Б) энтропияның өзгеруі

С) екі фактордың өзгеруі

Д) температураның өзгеруі

4.  $CO_{2(k)} \leftrightarrow CO_{2(r)}$  процесінде  $\Delta S$  мәні:

а)  $\Delta S^0 > 0$       б)  $\Delta S^0 < 0$       в)  $\Delta S^0 = 0$

5. Процесстің өздігінен тұра бағытта жүруі үшін  $\Delta G$  ... болу керек.

А)  $\Delta G=0$       Б)  $\Delta G=T\Delta S$       С)  $\Delta G>0$       Д)  $\Delta G\approx 0$       Е)  $\Delta G<0$

6. Гиббс энергиясын анықтайтын формула:

А)  $\Delta G = \Delta H - T \Delta S$       Б)  $\Delta G = U + \Delta H$       С)  $\Delta G = \Delta H + p \Delta V$

Д)  $\Delta G = \Delta H - Q/T$       Е)  $\Delta G = 2,3RT\ln K$

<b>ONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>«ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы</b> <b>Тәжірибелік-зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b> <b>77/ 11-</b> <b>32 беттің 8 беті</b>
---	--

## 5.1. Тақырыбы №5. Химиялық үдерістердің кинетикасы. Тепе –тендік және оның ығысуы.

**5.2. Мақсаты:** Студент химиялық реакциялар термодинамиканың теориялық негізін білуі қажет.

**5.3. Оқыту міндеттері:** Химиялық реакциялардың жылу эффекттер, бағытын анықтауды және тәжірибелі есептерді шығаруды үйренуі керек.

### 5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- Химиялық реакциялардың жылдамдығы. Реакция жылдамдығының концентрацияға, температураға тәуелділігін сипаттайтын заңдары.
- Қайтымды және қайтымсыз реакциялар .
- Химиялық тепе-тендік тұрақтысы оның физикалық мәні.
- Химиялық реакцияның тепе-тендігін бұзуы. Ле-Шателье принципі.
- Егер реакционды ыдыстың көлемін 3 есе кішірейтсек, реакцияның  $2\text{NO}_{(\text{r})} + \text{O}_2 \leftrightarrow 2\text{NO}_{2(\text{r})}$  жылдамдығы қалай өзгереді?


### 5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: тәжірибелік жұмыс

#### Тәжірибелік жұмыс №1

##### 1-тәжірибе. Реакция жылдамдығына реакцияласуши заттар концентрациясының әсері.

Күкірт қышқылының натрий тиосульфатымен әрекеттесуі.

Күкірт қышқылы мен натрий тиосульфаты арасындағы реакцияны мына тендеумен көрсетеді:



Алдын ала сапалық тәжірибе жүргізіңіз. Ол үшін сынауыққа 1н натрий тиосульфатының 5-10 тамшысын және 2н күкірт қышқылының 3-5 тамшысын тамызыңыз, бөлініп шыққан күкірт ерітіндін лайланырады. Тәжірибе жүргізу үшін сынауыққа концентрациялары әртүрлі, бірақ көлемдері бірдей натрий тиосульфаты ерітіндісін дайындау керек, екі сынауыққа су қосамыз (төмендегі кестеде көрсетілгендей).

Сынауықтың №	Na <sub>2</sub> S <sub>2</sub> O <sub>3</sub> тамшысының көлемі	Су тамшысының мөлшері	H <sub>2</sub> SO <sub>4</sub> ерітіндісінің мөлшері	Жалпы тамшылар мөлшері	Na <sub>2</sub> S <sub>2</sub> O <sub>3</sub> шартты Концентрациясы	Уақыт сек. және реакц. жылдамдығы v=1/t
1	4	8	1	13	C	
2	8	4	1	13	2C	
3	12	0	1	13	3C	


№1 және №2 сынауықтың ішіндегісін жайлап араластырып штативке бекітіңіз. №1 сынауыққа 2н күкірт қышқылының бір тамшысын қосамыз да секундамермен бастапқы тамызған кезден ерітіндін түрі өзгергенге дейін уақытты анықтап кестеге жазамыз. Тәжірибелерді кезекпен өткізу керек. №2 және №3 сынауықтарда өткен тәжірибелерден алған сандарды да кестеге жазу керек.

Реакция жылдамдығының әрекеттесетін заттардың концентрациясына тәуелді екенине қорытынды жасаңыздар. Сіздердің байқауларыңыз әсер етуші массалар заңына сәйкес келе ме? Реакция жылдамдығының натрий тиосульфатының концентрациясына тәуелділігін график түрінде миллиметрлік қағазға салыңыздар.

**2-тәжірибе. Химиялық тепе-тендік және оның ығысуы. Тепе-тендіктің ығысуына концентрацияның әсері**

<b>ONÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/ 11-
Тәжірибелік-зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	32 беттің 9 беті

Төрт сынауықтың әрқайсысына жеке-жеке әуелі темір(ІІІ) хлориді ерітіндісінің, кейін калий роданиді KSCN ерітіндісінің 5-6 тамшысын енгізіңіз де, ақырын шайқап араластырыныз. Бәрін штативке орналастырыңыз. Төртінші сынауықтың түс өзгеруін салыстыру үшін штативке қалдырыңыз. Ерітіндіде қайтымды реакция орын алады:



Ерітіндінің қызыл түске боялуы темір(ІІІ) родандидінің түзілуіне байланысты. Түсінің өзгеруіне қарап, реакция тепе-тендігінің қай бағытқа ығысуын анықтауға болады.

Біріншіне темір(ІІІ) хлоридінің, екіншісіне-калий родандидінің, үшіншісіне-калий хлоридінің бірнеше кристалдарын енгізіңіз де араластырыңыз. Әр бір пробиркадағы қызыл түстің өзгеруін қоюлану немесе бозаң тартуын байқаңыз. Осы түстердегі бақылауға қалдырылған сынауықтағы түспен салыстырыңыз.

## 5.6. Әдебиет:

### Приложения 1.

#### 5.7. Бақылау:

1. Тепе – тендік тұрақтысы ... тәуелді.
  - A. Қысымға
  - B. бастапқы заттар концентрациясына
  - C. температурага
  - D. катализаторға
2. Реакция жылдамдығының тұрақтысы ... тәуелді.
  - A. заттардың табиғатына
  - B. бастапқы заттар концентрациясына
  - C. Қысымға
  - D. әрекеттесетін заттар көлеміне
  - E. катализаторға
3. Температураны  $30^{\circ}\text{C}$ -қа арттырғанда, реакция жылдамдығы 15 есе өсті. Реакция жылдамдығының температуралық коэффициенті ... тең.
  - A. 2,5
  - B. 3,5
  - C. 4,5
  - D. 5,5
  - E. 1,5
4. Егер реакционды ыдыстың көлемін 2 есе ұлғайтсақ, онда тұра реакцияның  $2\text{NO}_{(\text{r})} + \text{O}_{2(\text{r})} \rightarrow 2\text{NO}_{2(\text{r})}$  жылдамдығы ...
  - A. 8-еце ұлғаяды
  - B. 8-еце кемиді.
  - C. 4-еце ұлғаяды.
  - D. 4-еце кемиді.
  - E. өзгеріссіз қалады.

<b>ONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/11-
Тәжірибелік-зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	32 беттің 10 беті

## 5.1. Тақырыбы №6. Ерітінділер. Берілген концентрациядағы ерітінділерді дайындау.

**5.2. Мақсаты:** Студент ерітінділер туралы негізгі түсініктерді және олардың концентрациясын белгілеу тәсілдерін білуі қажет.

**5.3. Оқыту міндеттері:** Берілген концентрация бойынша ерітінділерді дайындау үшін есептеулерді жүргізуі және өлшегіш ыдыспен, техникалық таразымен, ареометрмен жұмыс істеуді үйренуі керек.

### 5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- Ерітінділер, еріткіш, еріген зат. Ерігіштік.
- Концентрацияның анықтамасы. Сұйытылған және қаныққан ерітінділер.
- Ерітінділердің концентрациясын белгілеу тәсілдері: массалық үлес, мольдік концентрация, эквиваленттік мольдік концентрациясы.
- Араластыру ережесі.
- Медицина мен фармацияда ерітінділердің маңызы.
- Өлшеуіш ыдыстардың түрлері және олармен жұмыс істеудің негізгі ережелері.

### 5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бейнетаспа, зертханалық жұмыс.

#### Тәжірибелік жұмыс №1

**Тақырып бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы (СҒЗЖ): «Берілген концентрация бойынша ерітінділерді дайындау»**

Әрбір студент жұптары есептер түрінде оқытуышдан тапсырма алуды тиіс. Тәжірибелі орындастан бұрын, есепті шығарып және оқытуышға тексеріп, кейін жұмысқа кірісуі қажет.

**Вариант 1.** Кейбір ауруларға қарсы гипертоникалық деп аталатын 10%-тік NaCl ерітіндісі қолданылады. 250г гипертоникалық ерітінді даярлаңыздар. Ареометр көмегімен дайындалған ерітіндінің тығыздығын өлшеп, формула бойынша тәжірибе қателігін есептеңіздер

$$\rho_{\text{теор.}} - \rho_{\text{практ.}} \\ \% \text{ кате.} = \frac{\rho_{\text{теор.}}}{\rho_{\text{практ.}}} \cdot 100\%$$

**Гипертоникалық ауру кезінде қанға 0,9%-тік NaCl ерітіндісі енгізіледі.** Сіз дайындаған 10%-тік ерітіндіден ( $\rho = 1,006 \text{ г/мл}$ ) 200мл 0,9%-тік ерітінді даярлаңыздар.

**Ескерту:** Проценттік концентрация ерітінділерін өлшеуіш цилиндр немесе мензурка көмегімен дайындауды.

**Вариант 2.** 250мл 0,1н ерітінді дайындау үшін 98%-ті  $\rho=1,8 \text{ г/мл}$  HNO<sub>3</sub> қандай көлемі қажет екені есептеңіздер. Ареометр көмегімен, дайындалған ерітіндінің тығыздығын өлшеп, тығыздық мәнін пайдаланып, осы ерітіндінің проценттік концентрациясын анықтаңыздар.

**Ескерту:** ерітінділердің молярлық және эквиваленттік концентрациясын дәл өлшеуіш ыдыстың: пипетка, бюretka, өлшеуіш колба көмегімен дайындауды.

**Вариант 3.** 250мл 0,2M мыс сульфаты ерітіндісін дайындау үшін қанша грамм кристаллогидрат CuSO<sub>4</sub>·5H<sub>2</sub>O алу керектігін есептеңіздер. Дайындалған ерітіндінің ареометрмен тығыздығын анықтап, сол тығыздық мәні бойынша ерітіндінің массалық үлесін анықтаңыздар.

**Ескерту:** Ерітінділердің молярлық және эквиваленттік конценрациясын дәл өлшеуіш ыдыстың: өлшеуіш колбалар, бюretkalар көмегімен дайындауды.

### 5.6. Әдебиет:

#### Приложения 1.

### 5.7. Бақылау:

- Фармацияда ерітінділердің концентрациясын анықтаудың қандай негізгі тәсілдері қолданылады?
- Араластыру ережелерінің мәні неде?
- Берілген концентрациядағы ерітіндіні дайындау процесінде қандай қателер туындауды?
- Қандай өлшеуіш ыдыстар қолданылады және олармен жұмыс жасау ережелері қандай?
- Ареометрмен жұмыс жасау ережесі.

<b>ONÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы</b>	<b>77/ 11-</b>
<b>Тәжірибелік-зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау</b>	<b>32 беттің 11 беті</b>

6. Қысымды жоғарылатқанда газ тектес заттың судағы ерігіштігі ...
- A) төмендейді B) өзгермейді C) жоғарылайды
- D) төмендейді, кейін артады E) өзгермейді, кейін төмендейді
7. Қанықан ерітіндіні қанықпаған ерітіндіге айналдыру үшін, ерітіндіге міндетті тұрде:
- A) су қосамыз B) қыздырамыз C) сұytамыз D) тұз қосамыз E) қысымды арттырамыз
8. 0,2 M азот қышқыл ерітіндісінің нормальдік концентрациясы сәйкес ... тең.
- A) 0,2 н B) 0,1 н C) 0,4 н D) 0,05 н E) 0,03 н

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b></p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b></p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>	
<p>«ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы</p> <p>Тәжірибелік-зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау</p>		<p>77 / 11 - 32 беттің 12 беті</p>

## 5.1. Тақырыбы № 7. Ерітінді туралы ілім. Ерітінділердің коллигативтік қасиеттері.

**5.2. Мақсаты:** Студент сұйытылған ерітіндінің негізгі заңдарын білуі тиіс

**5.3. Оқыту міндеттері:** Студент Вант-Гофф және Рауль заңдарын пайдаланып нақты есептерді шығаруды білу керек.

### 5.4. Тақырып бойынша тапсырмалар:

1. Ерігіштік оның әр түрлі факторларға тәуелділігі.
2. Ерітінділердің жіктелуі. Сұйытылған және концентрлі. Қаныққан және қанықпаған ерітінділер.
3. Ерітінділердің концентрациясын белгілеу тәсілдері. Арапастыру ережесі.
4. Қайнау температурасының жоғарылауы мен қату температурасының төмендеуінің концентрацияға тәуелділігі бағынатын заңдар.
5. Криоскопиялық және эбулиоскопиялық тұрақтылықтарының мәні.
6. Осмос құбылысының мәні. Осмос қысымының әр түрлі факторларға факторларға тәуелділігі.
7. Биологиялық жүйелерде осмостың маңызы. Изо-, гипер-, гипотонды ерітінділер. Тургор, плазмолиз, гемолиз.
8. Изотонды коэффиценттің физикалық мәні.
9. 100г судан, 65г глюкозадан тұратын ерітіндінің қандай температурада кристалданатынын есептеңіз.
10. 0,1моль/л мочевина ерітіндісі мен күйдіргіш натрийдің осмос қысымдары бірдей ме? Неге?
11. 200г суда а)30г мочевина; б)90г глюкоза ерітілген. Осы ерітінділердің қайнау температуралары бірдей ме?

**5.5. Откізу түрі:** кіші топтармен жұмыс (ҰОӘ), есептер шығару, тест-бақылау.

### 5.6. Әдебиет:

### Приложения 1.

### 5.7. Бақылау:

1. 0,01 моль/л қант, 0,01 моль/л  $Al_2(SO_4)_3$  және 0,01 моль/л  $KNO_3$  ерітінділерінің осмос қысымдары ...  
а) бірдей.                        б) бірдей емес.
2. 293 K-де 350г суда 16г сахарозадан тұратын ерітіндінің осмостық қысымын есептендер (ерітіндінің тығыздығы бірге тең).  
3. Изотонды ерітінді дегеніміз – бұл ... ерітінділер.  
    а) осмос қысымдары бірдей  
    б) еріген заттың мольдік концентрациялары бірдей  
    в) еріген заттың массалық үлестері бірдей  
    г) еріген заттың массалық үлестері әртүрлі
4. Осмос қысымдарын есептеу кезінде ... қолданылады.  
    а) массалық үлес    б) мольдік үлес    в) мольдік концентрация  
    г) моляльдік концентрация.
5. Қаның осмостық қысымы  $P_{осм.} = 725$  кПа тең. 37°C-да 0,5 M глюкоза ерітіндісін ... деп есептеуге болады.  
    а) гипертонды    б) изотонды    в) гипотонды
6. Гемолиз құбылысы байқалады, егер пайдаланатын ерітінді қанға қарағанда ... болса.  
    А) изотонды    В) гипертонды    С) гипертонды    Д) қаныққан    Е) концентренген
7. Қату температурасы – бұл ... болатын температурасы.  
    А) сұйық және қатты фазалардың қаныққан бу қысымдарының тең  
    В) бірінші кристалдар пайда  
    С) қаныққан бу қысымы атмосфералық бу қысымына тең  
    Д) сұйықтың үстіндегі қаныққан бу қысымы қатты фазаның үстіндегі қысымнан жоғары  
    Е) кристалдың үстіндегі қаныққан бу қысымы сұйықтың үстіндегі қысымнан төмен

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>«ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы</b>	<b>77/ 11-</b>
<b>Тәжірибелік-зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау</b>	<b>32 беттің 13 беті</b>

## 5.1. Такырыбы №8. Электролиттік диссоциация. Диссоциациялану тұрақтысы және дәрежесі.

**5.2. Мақсаты:** Студент электролит және электролит емес ертінділердегі химиялық тепе-тендіктің негізгі түрлерін.

**5.3. Оқыту міндеттері:** Ортаның сандық және сапалық бағалауды сипаттау, есептер шығара білу керек.

### 5.4. Такырыптың негізгі сұрақтары:

1. Диссоциация үдерістің сандық бағасы.
2. Диссоциация тұрақтысының әртүрлі факторларға тәуелділігі.
3. Диссоциациялану дәрежесі, оның әртүрлі факторларға тәуелділігі.
4. Оствальттың сұйылту заңы-математикалық өрнегі. Осы заңды қандай шамалар біріктереді?
5. 0,1 н сірке қышқылының ертіндісін 10 есе сұйылтқанда диссоциациялану дәрежесі қалай өзгереді?

**5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** тәжірибелік жұмыс

### 5.6. Әдебиет:

### Приложения 1.

#### 5.7. Бақылау:

1. Өте әлсіз электролиттер үшін Оствальд заңының математикалық өрнегі:

$$a) K_o = \frac{\alpha^2 C}{1 - \alpha}; \quad b) K_o = \frac{1 - \alpha}{\alpha^2 * C}; \quad v) K_o = \alpha * C; \quad r) K_o = \alpha^2 * C$$

2. Диссоциация тұрақтысы ... тәуелді

A. концентрацияға    B. қысымға    C. температураға

3. C3H7COOH май қышқылының диссоциациялану тұрақтысы  $1,5 \cdot 10^{-5}$  тең.

0,005 м ертіндіде оның диссоциациялану дәрежесі ... тең.

A)  $5,5 \cdot 10^{-4}$     B)  $5,5 \cdot 10^{-2}$     C)  $5,5 \cdot 10^{-1}$     D) 0,5    E) 1,2

<b>ONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b> <b>«ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы</b> <b>Тәжірибелік-зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау</b>	<b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b> <b>77/ 11-</b> <b>32 беттің 14 беті</b>
---	--

## 5.1. Тақырыбы №9. Сутектік көрсеткіш (pH). Ерігіштік қебейтіндісі.

**5.2. Мақсаты:** Студент электролит және электролит емес ерітінділердегі химиялық тепе-тендіктің негізгі түрлерін.

**5.3. Оқыту міндеттері:** Ортаның сандық және сапалық бағалауды сипаттау, есептер шыгару барысында pH түсінігін қолдана білу керек.

### 5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- Судың иондық қебейткіші. Сутектік көрсеткіші. Индикаторлар.
- Ерітіндідегі сутегі иондарының концентрациясы  $4 \times 10^{-3}$  моль/л тең. Ерітіндінің pH және рОН анықтаңыз.
- Адамның асқазан сөлінде тұз қышқылы 0,5% -ін құрайды. Тығыздығы 1г/мл қолдана отырып, асқазан сөлінің pH-ын есептеңіз.

### 5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: тәжірибелік жұмыс

#### Зертханалық жұмыс №3

##### 1-тәжірибе. Индикаторлар

Үш таза сынауықтар алып, біріншісіне 0,1н тұз қышқылы ертіндісін, екіншісіне дистильденген су, үшіншісіне 0,1н сілті ертіндісін құйыныздар. Үш сынауықтардағы индикаторлар түсінің өзгеруін белгілеңіз және нәтижелерін кесте түрінде жасаңыздар. Дәл осылай етіп нәтижелерді фенолфталеинмен және метилоранж ертінділерімен жасаңыздар

Орта	Қышқыл	Бейтарап	Сілті
Лакмус			
Фенолфталейн			
Метилоранж			

##### 2-тәжірибе. Эмбебап индикаторлардың көмегімен ерітіндінің pH анықтау

pH-ын анықтайтын ерітіндіні оқытушыдан алыңыз. Тамшылатқыштың (пипетканың) көмегімен берілген ерітіндіні алып, индикатор қағазына 2-3 тамшы тамызыңыз. Тұзілген дақтың түсін түсті шкаламен салыстыра отырып, түспен сәйкес реңді таңдаңыз. Зерттелетін ертіндінің pH жөнінде қортынды жасап реакция ортасын көрсетіңіз.

##### Тақырып: Аralық бақылау № 1.

##### Аралық бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

- Атом жүйесіндегі электрон күйлерінің квант сандары бойынша сипаттау.
- Авогадро заңы.
- Эквивалент. Эквивалент заңы.
- Паули принципі, төменгі энергия ережелері, Хунд ережесі.
- Атомдардың электрондық және электронды-құрылымдық формулалары.
- Атом жүйесіндегі электрон күйлерінің квант сандары бойынша сипаттау.
- Валенттік байланыс (ВС) әдісі. Ковалентті байланысты қасиеттері: қанығуы, бағытталуы, полярлылығы, ковалентті байланыс түзілуінің донорлы-акцепторлы механизмі, δ және π байланыстар.
- Иондық байланыс, сутектік байланыс.
- Молекулалық орбитальдар (МО) әдісі. Байланыстыруышы және босандатушы орбитальдар.
- Химиялық реакциялардың жылдамдығы, оның әртүрлі факторларға тәуелділігі.
- Қайтымды және қайтымсыз реакциялар. Химиялық тепе-тендік заңы. Ле-Шателье ережесі.
- Процестің жылу эффектісі. Термохимия заңы және оның салдары.
- Термодинамиканың I және II-ші заңдары. Энталпия және энтропия. Гиббс энергиясы және химиялық процестің бағытталуы.
- Катализ. Ағза тіршілігін катализаторлардың маңызы.
- Ерітінділер, ерігіштік. Ерітінді концентрацияларын белгілеу тәсілдері.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы	77/ 11-
Тәжірибелік-зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау	32 беттің 15 беті

16. Осмос, осмостық қысым. Вант-Гофф заңы. Изо, гипо және гипертонды ерітінділер.
17. Рауль заңы және оның салдары.
18. Изотондық коэффициент.
19. Аррениустың электролиттік диссоциация теориясы. Диссоциация тұрақтысы мен дәрежесі.
- №1 аралық бақылаудың типтік тапсырмалары.**
1. Келесі реакцияларда  $\text{Ca}(\text{NO}_3)_2$  тұзының эквиваленттік массалары неге тең?
- $$\text{Ca}(\text{NO}_3)_2 + \text{NaOH} \rightarrow \text{Ca}(\text{OH})\text{NO}_3 + \text{NaNO}_3$$
2. 0,92г қалайыны оттек тотығында қыздырғанда 1,7г оксид түзіледі. Қалайының эквиваленттік массасын есептеңіз.
3.  $P=99\text{kPa}$  және  $27^\circ\text{C}$  температурада газ тәрізді зат 380мл көлем мен 0,5г массаға ие газ тәрізді заттың молярлық массасын анықтаңыз.
4. Егерде сутегінің концентрациясын 2 есе төмендетсе, ал иодтың концентрациясын 6 есе жоғарылатса  $\text{H}_2 + \text{I}_2 = 2\text{HI}$  реакциясындағы жылдамдық қалай өзгереді?
5. Темперетураны  $50^\circ\text{C}$  жоғарылатқанда, реакцияның жылдамдығы 1200 есе өсken. Температуралық коэффициентін анықтаңыз.
6. Сыртқы электрондық құрылышы а)  $5\text{S}^2 5\text{p}^4$       б)  $3\text{d}^5 4\text{S}^1$  болатын элемент атомының реттік нөмірін және атын анықтаңыз.
7.  $\text{BF}_4^-$  ионының түзілуі кезінде қандай атом немесе ион донор болып табылады?
8. MO әдісі бойынша NO молекуласындағы байланыс еселігі қандай?
9. Адам организмінде жүретін мына екі реакцияның қайсысында артық энергия бөлінеді
- а)  $\text{C}_2\text{H}_5\text{OH} + \text{O}_2 = \text{CO}_2 + \text{H}_2\text{O}$
- б)  $\text{C}_6\text{H}_{12}\text{O}_6 + \text{O}_2 = \text{CO}_2 + \text{H}_2\text{O}$
10.  $35^\circ\text{C}$  кезінде 2,5 M сахароза  $\text{C}_{12}\text{H}_{22}\text{O}_{11}$  ерітіндісінің осмос қысымы нешеге тең?
11. Осмос, осмос қысымы. Вант-Гофф заңы. Изо-, гипо- және гипертонды ерітінділер. Массалық үлесі 5% болу үшін судың қандай массасына 15г натрий хлоридін қосу керек. (жауабы: 285г-ға)
12. Тығыздығы  $1,3\text{g/cm}^3$  40%-тік күкірт қышқылының эквиваленттің молярлық концентрациясы қандай? (жауабы: 10,6 н)
13.  $\text{C}_3\text{H}_7\text{COOH}$  май қышқылының диссоциациялану тұрақтысы  $1,5 \cdot 10^{-3}$  тең. 0,005M ерітіндіде оның диссоциациялану дәрежесін табыңдар. (жауабы:  $5,5 \cdot 10^{-2}$ ).
14. 3,6 болатын ерітіндідегі  $[\text{H}^+]$  ионының концентрациясы тең болады? (жауабы:  $2,5 \cdot 10^{-4}$ )
15.  $\text{pH}=25^\circ\text{C}$ -та  $\text{PbBr}_2$  ерігіштік көбнйтіндісін (ЕК) анықтаңыз, егер тұздың ерігіштігі бұл температурада  $1,32 \cdot 10^{-2}$  моль/л болса. (жауабы:  $9,2 \cdot 10^{-6}$ )
16.  $\text{SnCl}_2$  тұзының гидролиздену реакциясын жазыңыз. Реакцияның ортасын көрсетіңіз. Осы тұзға қандай затты қосқанда гидролизді төмendetеді?
- а)  $\text{HCl}$       б)  $\text{NaOH}$       в)  $\text{Na}_2\text{CO}_3$       г)  $\text{H}_2\text{O}$

**5.6. Әдебиет:**

**Приложения 1.**

<b>ONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>«ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы</b>	<b>77/ 11-</b>
<b>Тәжірибелік-зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау</b>	<b>32 беттің 16 беті</b>

## 5.1. Тақырыбы №10. Тұздар гидролизі.

**5.2. Мақсаты:** Студент ионалмасу реакциясының негізгі ережелерін және олардың өту жағдайын білуі тиіс.

**5.3. Оқыту міндеттері:** Студент ионды реакцияларының жүруін болжай алуды және ерітіндідегі ортасына сандық және сапалық баға беруді білу керек.


### 5.4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

- Гидролиз реакциясы.
- Тұздардың әр түрлі типтері және олардың әрқайсысы гидролизге үшірауы.
- $\text{Cu}(\text{NO}_3)_2$ ;  $\text{K}_2\text{SO}_3$ ;  $\text{NH}_4\text{CN}$ ,  $\text{NaCl}$ ,  $\text{KNO}_3$ ,  $\text{ZnCl}_2$ ,  $\text{NH}_4\text{CH}_3\text{COO}$ ,  $\text{Na}_3\text{PO}_4$  тұздарының гидролиз реакциясын жазыңыз.
- Гидролиз реакциясының тепе-тендігінің бұзылуы әр түрлі факторларға тәуелділігі.

5. Қышқылдар мен негіздердің протолиттік теориясының негізгі жағдайлары.

6. Тұзар үшін  $\text{FeCl}_3$ ;  $\text{K}_2\text{S}$ ;  $\text{CH}_3\text{COONa}$  иондық түрде гидролиз реакциясын құрыңыз.  $\text{FeCl}_3$  тұзының гидролизін зат  $\text{NaOH}$  немесе  $\text{HCl}$  қосу арқылы қүшейтеді.

7. Реакция тендеуін аяқтаңыз:



8. Биохимиялық процестерде гидролиздің биологиялық рөлі.

**5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** зертханалық жұмыс, шағын жүргітармен жұмыс.

### Зертханалық жұмыс №4

#### 1 тәжірибе. Тұздар гидролизі.

5 пробиркаға 1-2мл су және 1-2 тамшы лакмус құйындар. 4 пробиркаға 1-2 мл натрий карбонаты, мырыш хлориді, аммоний ацетаты, натрий нитраты кристалдарын салындар. 5-ші пробирка алынған түстерді салыстыру үшін қажет. Барлық тұздар гидролизге түсे ме? Неліктен аммоний ацетаты ерітіндісі түсін өзгертпейді? Реакциялардың иондық тендеуін жазыңдар.

#### 2 тәжірибе. Толық қайтымсыз гидролиз жағдайы.

Пробиркаға 5-6 тамшыдан алюминий хлориді ерітіндісін тамызындар, пробиркаға осындағы көлемде натрий карбонаты ерітіндісін құйындар. Пробиркада көміртек диоксидінің бөлінгенін байқаңдар. Тұнбаға алюминий гидроксиді түседі. Реакция тендеулерін жазыңдар. Неге алюминий карбонаты түзілмейді?

#### 3 тәжірибе. Температуралың гидролизге әсері.

Пробирканың жартысына дейін дистильденген су құйып, оған 2-3 мл натрий карбонатын енгізіндер. Бұл тұздың гидролизінің иондық тендеуін жазып, натрий карбонаты ерітіндісінің pH қандай мәнге ие болатынын көрсетіндер: 7-ден үлкен бе, тәмен бе? Пробиркадағы тұздың ерітіндісіне бір тамшы фенолфталейн тамызындар. Пробирканы қайнаған суы бар су монашына салындар. Қыздырған фенолфталеин түсінің өзгеруіне байланысты ерітіндідегі  $\text{OH}^-$  иондарының концентрациясының өзгерісі туралы не айтуда болады? Гидролиз тепе-тендігі ығыса ма? Температуралың тұздар гидролизіне әсері туралы қорытындыла, мұның себебі неде?

#### 5.6. Әдебиет:

#### Приложения 1.

#### 5.7. Бақылау:

- Ортасы төмендегідей болатын тұздарға мысал келтіріңіз:
  - қышқылды
  - сілтілі
  - бейтарап
- Қандай факторлар гидролиздің ығысуына әсер етеді. Мысал келтіріңіз.
- Қандай жағдайда тұздар гидролизі қайтымсыз болады?
- Лакмус ... тұздың сулы ерітіндісін қызартады.

<b>ONÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
<b>«ОҚМА» АҚ жаңындағы медицина колледжі «Фармацевтикалық пәндер» кафедрасы</b>	77/ 11-
<b>Тәжірибелік-зертханалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқау</b>	32 беттің 17 беті



5. Толық біріккен гидролизге ... екі тұздың сулы ерітінділерінің қоспасы ұшырайды.

- a) натрий сульфиті және калий сульфаты   b) мырыш хлориді және барий нитриті  
 в)аммоний сульфаты және мыс нитраты г) калий карбонаты және натрий сульфиті  
 д) барий нитраты және кальций хлориді

6. Гидролиз дәрежесі тәуелді емес.

- a) еріген заттың концентрациясына   b) температураға   v) қысымға  
 г) еріген заттың табигатына   d) еріткіштің табигатына

7. Қысым артқанда гидролиз тепе-тендігі ығысады:

- a) онға ығысады б) солға ығысады в) ығыспайды г) жоғары ығысады  
 д)төмен ығысады
8. Сәйкестікті анықтаңыз:
- |                    |   |
|--------------------|---|
| Реакция ортасы     | a) $\text{Ca}(\text{NO}_3)_2$   |
| 1. $\text{pH} > 7$ | b) $\text{ZnCl}_2$  |
| 2. $\text{pH} < 7$ | v) $\text{Zn}(\text{CH}_3\text{COO})_2$<br>g) $\text{Ba}(\text{NO}_2)_2$<br>d) $\text{Al}_2(\text{SO}_3)_3$ |

